

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 14 наурыз 2022 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Ғылыми-зерттеу және дамыту орталығы» филиалының қызметіндегі өзгерістер туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 наурыздағы шешімімен «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының зерттеулер және әзірлемелер орталығы» филиалы туралы ережеге өзгеріс енгізілді. Филиалдық қызмет түрлері «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдары үшін өнеркәсіптік объектілерді және процестерді жобалау кезінде инженерлік ізденістерді жүзеге асыру және инженерлік қызмет көрсету жөніндегі қызметтің орнына «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдары үшін инженерлік-техникалық жобалауды жүзеге асыру (ЭҚЖЖ коды 71121) қосылды.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. Мына бағыттар бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (танкерге мұнай құю), «Каспий Құбыры Консорциумы» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС-та темір жол цистерналарына мұнай құю.

**Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ**